

иткөйлек арқылы ит жанына барып орнығыды. Мұның ғылым түсіндірмесі антропоморфизм, жас нәресте бойындағы тенгри (иттің баласы) киім арқылы иткөйлек байланған ит бойына дарыды.

Үшіншіден шідехана тұсында нәресте тырнағының, шашының алынуы. Мұндағы нәрстенің аталып отқан дене бөліктері ит тотемінің сыртқы бейнесі деп сипатталады. Аталған дене бөліктерінен арылу ит баласы тотемінің нәресте бойынан айырылу мәніне толысады.

Қазақ қағамындағы иттің баласы деп қолданылатын сөз тіркесінің шығу тегі осында, алайда бұл сөздің қолданылу аясы кәзіргі күндегідей негативті формада емес, аталып отырған жас баланың ішкі жан-дүниесі ит жануарының болмысы секілді ақылды, адал, қағамға бейімделгіш және т.б. түрдегі жағымды мінез-құлық формаларын сіңірсін, деген мағынада қолданылған. Кәзіргі күнге дейін бұл сөз өзінің шынайы идеялық формасын жоғалтты.

Атап өтерлік тағы бір жайт қазақ салт дәстүрін де жаңа түскен келін отқа май құю және т.б. рәсімдерді өткізгеннен кейін, артынша үй итіне дәм татқызып, тілек білдірген. Тілектің мазмұны мынадай: Сен секілді құрсақты (плодавитая) болайын не болмаса жаңа отбасына тезірек сіңісіп, адал, сенімді мүшесіне айналайын, нәрестемнің болмысына иттің жүйріктігі, ақылының озықтығы жұғып, ит баласы секілді тез бауырын ерте көтерсін. Жаңа келін өзінің алғашқы күндерінде отбасы мүшелерімен бір-біріне бейімделу барысында өзін ыңғайсыз, ұялы сезінетін кездерде, оған дәстүрлі түрде қиыншылықтарды жеңуге көмек көрсететін мінез-құлық формасы сипатында түсіндіріледі [11].

Сонымен қатар қазақ жүздерінің ішінде Ит елі атауымен берілген ру бар шежіре бойынша, Орта жүз құрамындағы керей тайпасының абақ керей тармағынан таралған.

Қорыта айтқанда ит тотемі – ұмытылған мифология, алайда кәзіргі күнге дейін жеткен сөз тіркестері (ит мінезінен айырылу, иттің баласы), салт-жоралар (ит мойнына иткөйлек байлау), аңыз әңгімелер арқылы бұл түркілік сенімдердің, салт-жоралардың мифологиялық мәнін ашып отырмыз. Итке байланысты салт-дәстүрлер ежелгі тотемдік сенімдерден бастау алып, итті адалдық пен қорғаныштың символы ретінде құрметтеумен астасады. Түркілік дүниетанымда ана мен баланы мифологиялық күштерден қорғау, отбасылық үйлесімді сақтау ерекше мәнге ие. Уақыт өте бұл нанымдар исламдық түсініктермен бірігіп, жаңа мәдени мазмұнға толығып, бүгінге дейін сақталды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Наурызбаева З. Вечное Небо казахов. - Алматы: СаҒа, 2013г. – 740 с.
- 2 Қондыбай С., Наурызбай З. Мифология предказахов. Книга третья. - Алматы: СаҒа, 2008г. – 436 с.
- 3 Қондыбай С., Наурызбай З. Мифология предказахов. Книга четвертая. - Алматы: СаҒа, 2014. – 531 с.
- 4 <https://egemen.kz>
- 5 <https://vk.com>
- 6 Наурызбаева З. Инициация и призвание человека в тенгрианстве Глава 1. Понятие инициаций.// otuken.kz. 2003. № 13 (93). С. 27-29.
- 7 Қондыбай С. Мифологический образ собаки. // otuken.kz. 2003. № 29 (319). С. 14-17.
- 8 <https://kk.wikipedia.org>
- 9 <https://otuken.kz>
- 10 Наурызбаева З. К вопросу об институтах инициаций в казахской традиционной культуре.// otuken.kz. 2004 г.
- 11 <https://www.youtube.com>

АУЫЗША ТАРИХ АЙТУ ДӘСТҮРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Азанбай Б.Д.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к. Амрина М.С.

М.С. Нәрікбаев атындағы Қазақ гуманитарлық заң университеті

Астана қ.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы жарияланғаннан бергі мерзімде мемлекетіміздің дербес даму бағыты айқындалып, халықтың тарихқа деген көзқарасы жаңа қырынан айқындалып, бүгінгі таңда мемлекеттің тарихи сана қалыптастыру мақсатына жетудегі міндеттерінің бірі – «тарихи ілім-білімнің негізгі нысаналарын айқындау» болып отыр. Сонымен бірге жаңа Қазақстан үшін келесі он жылдықтағы елді жаңарту стратегиясын іске асырудың өзектілігі бірінші кезекте білімнің, ғылымның сапасымен анықталатыны белгілі. Қазақстанның қоғамдық өміріндегі білім саласында болып жатқан батыл өзгерістер-тарихи білімге деген қызығушылықты арттырып отыр. Бүгінгі Қазақстанның тұрақты дамуы өткен тарихты объективті тұрғыдан жалғастыра білумен байланысты болса, оның болашағы да тарихтың шынайылығымен анықталады. Міне осындай өткен тарихты зерделеудегі маңызды сұрақтардың қатарында далалық ауызша тарихнама немесе тарихты ауызша баяндаудың ұрпақтан ұрпаққа жеткен дәстүрінің маңыздылығы, мәні зор [1].

Ауызша тарихнама немесе тарихты ауызша баяндаудың ұрпақтан ұрпаққа жеткен дәстүрі деген ұғымдарға талдау жасар болсақ, берілген анықтамалардың, ойлар мен тұжырымдардың мазмұнына талдау жасауымыз керек. Оның мәнінің тереңде жатқанын шығыстанушы В.П. Юдиннің еңбектерінен көруімізге болады. [2, 4].

«Даланың ауызша тарихнама» ұғымы В.П. Юдиннен бұрын, бірінші рет Өтеміс қажының еңбегінде кездеседі, ал оның дәстүрлік келбетін түрік және қазақ ғұламалары – Рашид-ад дин, М.Хайдар, Әбілғазы баһадүр-хан, Ө.Тілеуқабылұлы, Қ.Жалайыр, Қ.Халид, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, М.Ж. Көпейұлы, Ш.Кұдайбердіұлы, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Марғұлан т.б. өз еңбектерінде жан-жақты көрсеткен.

XX ғасырдың басындағы кәсіби тарихшылар – А.Чулошников, А.Рязанов, Б.Герасимов, С.Асфендияров, М.Тынышбаев, Х.Досмұханбетов, Қ.Кемеңгеров, Т.Шонановтар мен Е.Бекмаханов та ауызша тарих айту деректерін өз зерттеулерінде кеңінен пайдаланып, Қазақстан тарихының очерктері мен оқулықтарын жазды [2, 5].

Қазақстан тарихшыларының ішінде қазақтар арасында ежелден қалыптасқан дәстүрлі тарихи білім ұғымына ғылыми баға беруде зерттеуші В.П. Юдин былай деп көрсетеді: «Далалық ауызша тарихнаманы көрсететін шығармаларды оның қайнар көзі деуге де болады. Олар тарихи әңгіме жинақтарын – Дешті Қыпшақ көшпенділерінің тарихи білімінің бөлімдерін көрсетеді. Бұл әңгіме – бастаулар арнайы «қара сөз» атауына ие болды, яғни «ескі сөз», «қара сөз» деген [3]. В.П. Юдиннің осы айтып отырған Дешті Қыпшақ көшпелілерінің тарихи білімі қазақ этносының қалыптаса бастаған Ақ Орда кезеңінен бергі уақытты қамтиды. Осы арада егер қазақтар өзінің түп негізін сақ, үйсіндерден бастаса, онда Ақ Ордаға дейінгі тарихи білім, өзінің бастауларын қалай қалыптастырған деген сұрақ туындайды.

Академик М.Қ. Қозыбаев «... біздің Ұлы Сахарада да өркениет 1500-2000 жыл бұрын пайда болды деп есептеуге дәлелдер баршылық» – деп шегелеп айтса, онда қазақ халқын өркениеттілікке жеткізген білу мен біліктілікті және тәңірлік дінмен бірге келген білімді, аңыздан басталып, ауыз әдебиетіне ұласқан тарихи білімді, VIII ғасырда ислам дінімен бірге келген тарихи білімді, ойма жазудан басталып, көркем әдебиетке ұласқан дәстүрлі тарихи білімді қалайша жоққа шығарамыз. Сондықтан да бұл мәселе, бүгінгі таңдағы республикалық және халықаралық ауқымдағы конференциялардың негізгі тақырыбына айналып, күн тәртібінен түспей келеді [4, 174].

XVIII-XIX ғғ. Ресейдің әскери адамдары мен ғалымдары: А.И. Левшин, В.Г. Тизенгаузен, Н.А. Аристов, А.Н. Харузин, В.В. Радлов, В.В. Бартольд, Г.Н. Потанин т.б. қазақтың ауызша тарихы туралы естігендерін жазып қалдырғанмен, негізгі борыштары – өз елінің мүддесіне қызмет ету болғандықтан, қазақтың дәстүрлі тарихи білімі олардың бәрін бірдей қызықтыра бермеген [2, 14].

Фольклорлық эпосты тарихи шындыққа жақындатқандардың қатарынан С.Сейфуллин, Т.Шойынбаев, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібай, С.Қасқабасов, Н.Төреқұлов, Е.Тұрсынов, Ж.Тілепов т.б. сияқты ғалымдар мен зерттеушілерді көреміз. Әсіресе профессор Ж.Тілепов «Елім деп еңіреп туған ерлер жыры», «Тарих және әдебиет» атты монографиялық еңбектерінде Жанқожа батыр туралы халық жырларын, батыр өмір сүрген қоғам мен заман тынысын, бодандық дәуірінде туған азаттық көтерілісін бейнелейтін жырлардағы тарихи шындықтың табиғатын жан-жақты талдап, байыпты таразылады. Жанқожа көтерілісі туралы жырдың алғашқы деректік негізін орыс зерттеушісі И.В. Аничковтың 1894 жылы Қазан қаласынан шығарған «Қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлы» атты тарихи очеркінен табамыз. Алайда, И.В. Аничковтың өзі де Жанқожа туралы деректі оның өте жақын туысы Мұсабай жыраудан алғанын жасырмайды. Қалай болғанда да, жыраулық деректер ұлттық тарихи білімнің ғылымға дейінгі алғашқы көріністерінің бірі болып табылады [2, 20].

Қазақстан тарихынан кең көлемді дерек көздері бар. Оған археологиялық - этнографиялық, жазбаша және ауызша материалдар кіреді. Әр түрлі және бай дерек көздері ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихтың бүкіл болмысын қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді. Зерттеушілер үшін басты кедергі деректердің жоқтығы емес, олардың әрі мәтіндік, әрі типологиялық аспектілерге байланысты әлсіз зерттелуі болып отыр. Бізде кең көлемдегі терең деректанушылық ізденістер мүлдем жоқ. Әсіресе, бұл ауызша далалық тарихнамаға қатысты.

Қазақстанның объективтік тарихын жасауда ауызша тарихнама (шежіре) төтенше маңызды. Өйткені XX ғ. I жартысының аяғына дейін жазбаша әдебиет көшпелілер қоғамында елеулі рөл атқара қойған жоқ. Біз ауызша тарихнаманы екіге бөлеміз. Оның бірі - ауызша тарих. Ол қарапайым адамдардың естелігіне негізделеді. Мысалы, біздің қазіргі замандағы тарихымызды екі түрлі жазуға болады; оның бірі - ресми деректерге негізделген тарих, яғни белгілі дәрежеде саясат мүддесіне бағынышты тарих, екіншісі - елдің тарих туралы өз естеліктері мен пайымдары. Соңғысы ресмиге қарама-қарсы болуы мүмкін. Ал ауызша дәстүрде арнайы шежірешілер арқылы сонау көне заманнан бергі қазақ тарихының барлық маңызды оқиғалары көрініс тапқан. Осы себепті біз кейде ауызша дәстүр терминінің орнына «шежіре» атауын пайдаланамыз.

Отандық тарихтың зерттелмей жатқан тұстары көп. Біріншіден, қазақ тарихына отарлық кезеңде көңіл өте аз бөлінді. Әсіресе қазақ мемлекетінің, қазақ этносының қалыптасу кезеңдері мен қаһармандық ерлік дәуірлеріне арналған және ғылыми тұрғыдан жазылған еңбектер аз. Екіншіден, қазақ тарихына байланысты жазылған там-тұм зерттеу жұмыстары қазір методологиялық тұрғыдан сынға ұшырап, олардың қорытындылары жарамсызданып қалды. Үшіншіден, зер сала зерттейтін мәселенің бірі Қазақстан тарихын өзінің төл деректері: шежіре, аңыз, әңгіме, толғау, батырлық жырлардың т.б. фольклор деректерінің негізінде

жазу әлі іске аспай келеді. Тарихи фольклор деректеріне ғылыми интерпретация жасау жолға қойылған жоқ. Ұзақ жылдар бойы өткеннің залалды сарқыншағы аталып келген қазақ шежіресі, тарихи жырлары мен толғаулары т.б. ғылыми тұрғыдан сараптауды қажет етеді. XV-XVII ғғ. қазақ қоғамының ішкі табиғатын, көрнекті тұлғалар өмірін, саяси оқиғаларын тарихи фольклор деректері арқылы зерттеу бүгінгі күндегі басты міндеттердің бірі деп есептеуге болады. XV-XVII ғғ. көпшелі қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымын, оның *қызмет механизімін* анықтау Еуразия көшпелілерінің дүниежүзілік тарихи дамудағы орыны мен қызметін айқын аңғаруға апаратын жол [5, 9-10].

Қазақ тарихын жазуда фольклор деректерінің маңызы айрықша зор екенін кезінде Е.Бекмаханов атап өткен: «Тарихи ірі оқиғалар ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отырған халықтың ауызша шығармашылығы: дастан, өлең, қисса, батырлар жыры, ертегі, аңыз т.б. арқылы қазақ халқының есінде сақталған. Осы фольклорлық материалдарда қазақтардың қоғамдық және әлеуметтік құрылысы, тұрмысы мен әдет-ғұрпы және ақырында, халықтың өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғалар айқын бейнесін тапқан» [6, 12-13].

Деректі пайдалану жолы деректану ғылымының жағдайына байланысты. Дерекнамалық зерттеулердің болмауы тарихшыларды қиын жағдайға қояды, оларды толыққанды жұмыс жасау мүмкіндігінен айырады. Ауызша далалық тарихнамаға сыңаржақ қарау, тарихшылар арасында қазақ тілінің беделінің төмендігі жуық арада қазақтың толыққанды тарихын жасау мүмкіндігіне күмәндануға мәжбүр етеді.

Қандай тарих болмасын дерексіз жазылмайтыны ақиқат. Біз төл тарихымызды зерттеу барысында бірнеше түрлі қайнар көзге сүйенген жөн деп санаймыз. *Алдыменен* - қазақи деректер, олардың ішінде шежіренің орны бөлек, сонымен бірге, мыңдаған, жүздеген жылдар тезіне шыдаған тарихи аңыз, қиял-ғажайып және батырлық ертегі, тарихи жырлар мен толғаулардың тарихты түсінуге қосар үлесі зор. Қазақ тарихын түсінемін деген адамға көшпелілердің әдет-ғұрыптарына, жол-жосын заңдарына баса көңіл бөлу қажет [5, 10-11].

Ауыз әдебиеті - халық шығармашылығының айрықша саласы, ауызша шығарылып, ауызша тараған көркем-әдеби туындылардың жиынтық атауы. Қазақ халқының мұндай сөз өнерін ғалымдар ауыз әдебиеті деп атаған. Сонымен бірге ғылым мен мәдениетте «халық шығармашылығы», «халық поэзиясы», «халықтың ауызша сөз өнері» дейтін атаулар да осыған жақын мағынада қолданылады. 1846 жылы ағылшын Вильям Томс ұсынған «фольклор» (ағылшынша *folk* - халық, *lore* - білім, даналық) сөзі де ауыз әдебиеті атауы үшін халықаралық ғылыми атау ретінде орныққан. Бұлардың қай-қайсысы да бірінің орнына бірі қолданыла береді. Бірақ мағыналары бір емес. Мысалы, «халық поэзиясы» дейтін ұғым өлең түрінде айтылатын поэзиялық жанрларды жинақтап атауға лайық болса, «халық шығармашылығы» - халық шығармашылығы мен өнерінің барлық түрлерінің жалпы атауы, «ауызша сөз өнері» - прозалық та, поэзиялық та шығармалардың ортақ ұғымы. Бұларға қоса «халық даналығы», «халық білімі» деп аударылатын «фольклор» терминінің мән-мағынасында да елеулі айырма бар. Батыс Еуропа, Америка, Австралия халықтарының ұғымында бұл сөздің мағынасы тым ауқымды. Ол халықтың киім-кешек, құрал-жабдық, әдет-ғұрып, тұрмыс-салт, наным-сенім, сондай-ақ түрлі көркем өнерін (поэзия, музыка, би, ою-өрнек, тоқыма өнері, т.б.) тұтастай атау үшін қолданылады. Бұл жағынан алғанда ол тек ауыз әдебиетін ғана емес, «этнография», «этномәдениет» дейтін ұғымдармен де сабақтасып жатыр. «Фольклор» атауы орыс ғалымдарының зерттеулері арқылы халықтың ауызша поэтикалық шығармашылығы деген мағынада қалыптасқан [7].

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы «ауыз әдебиеті» деген ұғым да «фольклордың» осы мәнімен сабақтас. Бұлар бірін-бірі толық алмастыра береді. Ауыз әдебиетін зерттейтін ғылымды «фольклортану» деп атау да осыған байланысты. Қазақ халқының ауыз әдебиеті өзінің көркемдік-идеялық нәрімен, эстетикалық қуат-тегеурінімен, түрі мен жанрларының молдығымен, тақырыптық және сюжеттік байлығымен, қоғамдық-әлеуметтік және тәрбиелік терең мән-мазмұнымен ерекшеленеді. Ол қазақ халқының қалыптасу тарихымен біте қайнасып, бірге жасап келе жатқан теңдесі жоқ рухани мұра.

Байырғы ата-бабаларымыздың наным-сенімдерінен, тарихынан, тұрмыс-тіршілігінен, жақсы мен жаман туралы түсініктерінен, асыл арманы, биік мұратынан жан-жақты мағлұмат береді. Әрі ұлттық рухани мәдениеттің ғасырлар тізбегіндегі тарихи өзгерісін, этникалық санамен қарайлас жүріп өткен жолын да көз алдымызға елестете алады. Ауыз әдебиетінің шығарушысы да, таратушысы да, тыңдаушысы да - халық. Сондықтан ол, шын мәнінде, халықтың өз еншісі болып табылады [8].

Халықтың рухани қазынасы ретінде ауыз әдебиетіміз талай – тарихи қызметтерді атқарды. Тек өткен дәуірлердің куәсі болмай, сол кезеңдегі оқиғаларды бізге жеткізіп, жалғастырған – тарих куәсі, адамдардың тұрмыс-тіршілігінің айнасы, таптық күресінің айғағы болды. Халықтың ауызша шығармалары сонау көне дәуірдегі мифологиялық дүниетанымнан философиялық көзқарасқа шейінгі түсініктер жүйесін туғызып, жыршы-жыраулар, сал-серілер мектебін қалыптастырды, небір керемет жезтаңдай айтыскерлерді, шешендерді дайарлап шығарды. Әлеуметтік рухани күштер жиынтығы ретінде бұл мектептен еңбектеген баладан бастап, еңкейген қартқа дейін ләззат алды, сусындады, жабырқаған көңілін жұбатты, қайғысынан айықты, қуанышына қуаныш қосты.

Алтын Орда кезіндегі саяхатшылар Европаны бұрын белгілі емес халықтардың аңыз-әңгімелерімен таныстыра бастағаны белгілі. М.Поло, Г.Рубрук пей П.Карпинилер Орталық Азияны мекендеген көшпелілердің өмір-салты, табиғи және этникалық ортасы, саяси құрылымымен қатар тарихи аңыздарын да хатқа түсірді. Ұзақ жылдарға созылған үзілістен кейін Орталық Азия, соның ішінде Қазақстан өлкесінің тарихына қатысты фольклорлық нұсқаларды жинақтау және жариялау Ресей империясында жалғастығын тапты (П.С.Паллас,

Г.Георги, Г.Клапрот, әкелі-балалы Рычковтар, Гавердовский экспедициясының материалдары). Қазақтар тарихына арналған жұмыстардың ішінде ең маңыздыларының бірі А.И. Левшиннің 1832 жылы жарияланған 3 томдық «Описание киргиз-казачьих и киргиз-кайсацких орд и степей» деп аталатын еңбегі. Еңбек қазақ халқының географиясынан, тарихы мен этнографиясынан мәліметтер береді. Мұндағы оқиғалар XVI ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың басына дейінгі кезеңдерді қамтиды.

Ш.Ш.Уәлихановтың ғылыми-зерттеулерінің қазақ шежіресіне қосар үлесі мол. Ғалымның қазақ халқы ауыз әдебиетінің байырғы түрлері батырлық эпостар мен тарихи жырлар, аңыздары мен ертегілеріне жасаған талдаулары, қазақ-қырғыз этнонимінің шығу төркініне ден қоятын деректер мен зерттеулері ерекше.

Белгілі шығыстанушы В.В. Бартольдтің еңбектерінде XV-XVIII ғасырлардағы Орта Азия елдері мен Қазақ Ордасының саяси қарым-қатынасы, олардың мәдени тұрмысы, қалалар мен сауда мәселелері баяндалған. В.В.Бартольд еңбектерінен XV-XVIII ғғ. Орта Азияда үстемдік еткен билеуші әулеттер туралы көп мағлұмат аламыз. Ғалым көптеген шығыс деректерін талдап, ғылыми жұртшылыққа ұсынады.

XV-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығының сыртқы қарым-қатынастары А.П.Чулошниковтың, М.П. Вяткиннің еңбектерінде қарастырылады. Осы зерттеулердің нәтижелері фольклорлық материалдармен толықтырылады. XX ғасырда халық мұрасын жинап зерттеу ісі А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы сияқты зерттеушілердің назарына ілінді. 1940 жылдары М.Әуезов пен Д.Соболевтің «Эпос и фольклор казахского народа» атты көлемді еңбегі фольклорлық мұралардың тарихи оқиғалармен байланыстылығына негізделген. 1960-70 жж. тарихи фольклор түрлерін жеке жанрлық тұрғыда алып қарастырған Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаевтардың еңбектерін айта аламыз.

Осы саладағы еңбегі үлкен тұлғалардың бірі Әуелбек Қоңыратбаев. Аса ден қойған саласы - халықтың рухани мұрасы еді. Қазақстанда қырқыншы жылдардан бастап фольклортану ғылымы кең көлемде зерттеле бастады. Бұл кездерде қазақ фольклорын зерттеуші-ғалымдардың қатары молай түсті. Қазақ фольклорын зерттеуге Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаев сияқты әдебиетші-ғалымдар белсенді түрде араласты.

Ә.Қоңыратбаев еңбегі - мәңгі өшпейтін қымбатты қазыналарымыздың бірі. Ол қастерлі қазыналарымызды жинап бастырып, оны ғылыми тұрғыда зерттеуге көп еңбек сіңірді. Көптеген құнды зерттеулер жазды. Олардың кейбіреулері («Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қобыланды», «Алпамыс» т.б.) эпостануға қосылған үлес деп бағаланған еді.

Белгілі шығыстанушы М.Қ. Әбусейітованың XV-XVII ғасырлардағы Қазақстан мен Орталық Азияның тарихы, саясаты мен дипломатиясына арналған еңбегінің орны жоғары. Негізінен шығыстық деректерге сүйенген монографиялық зерттеу жұмысына XV-XVII ғғ. қазақ тарихын айқын түсіну үшін қазақ фольклорын қолдану керек екенін атап көрсетеді. Көне шығыстық жазбалар негізінде жазылған Б.Кәрібаевтың еңбектері Сыр өңіріндегі, дәлірек айтсақ Түркістан деп аталатын аймақтағы Сауран, Созақ, Отырар секілді және басқа да қалалардың тарихына тоқтала келе, Қазақ хандығының қалыптасуы мен орнығуы жөнінде тың тұжырымдар жасайды. XV-XVIII ғғ. қазақ хандығының саяси тарихына қатысты тарихи фольклорды қолдану М.Қ.Қозыбаевтың мақалаларында, А.Күзембайұлы, Е.Әбіл жазған еңбектерде де көтерілді [10, 57].

Қазақ халқының ауызша шығармалары халықтың рухани қазынасы ретінде сарқылмас бай, асыл қазына. Одан біз халқымыздың өткенін білеміз, сол арқылы бүгінгі заманымыздың ұлылығын танимыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастырудың тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. – 1995. – 30 маусым.
2. Берлібаев Б.Т. Қазақстанда тарихи білімнің қалыптасуы мен дамуы: тарихи-теориялық зерттеу (1920-2001 жж.) Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы., 2010.
3. Қазақтың ата заңдары. Құжаттар, деректер және зерттеулер – Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. 10 томдық / Бағдарлама жетекшісі С.З. Зиманов. Өзгертіліп, толықтырылған. 2 басылым. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – Т. 2. – 2004. – 658 б.
4. Берлібаев Б.Т. Тарихи білім мазмұнын іріктеудегі ұлттық деректердің рөлі // Материалы международной научно-практической конференции «Казахстан на рубеже XXI века: межгосударственные и межнациональные отношения». – Алматы, 2001, 15-16 мамыр. – Алматы, 2001. – 173-178-бб.
5. Артықбаев Ж.О. Қазақ тарихының даулы мәселелері. // Қазақ тарихы №2 (107), наурыз-сәуір, 2011.
6. Елешова З.Е. XY-XVII ғғ. қазақ тарихы (фольклорлық нұсқасы): Монография.-Астана: «Тұран-Астана», 2007.-154 б.
7. Ауыз әдебиеті // <http://kk.wikipedia.org/wiki/>
8. Халық ауыз әдебиеті // <http://kaz.osh-18.kz/teaching-literature/93-haly-auyz-debiet.html>
9. Рысбеков Б.Т. Ә. Қоңыратбаев – қазақ фольклорын зерттеуші // №1 (37) 2005 Филология сериясы. Қантар-ақпан-наурыз.

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ, ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Бақытжанқызы Қ,
Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м.Үмітқалиев Д.Б.,
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
karakatbakytzhankyzy06@gmail.com
umitkaliev.ksu@mail.ru

Жұмыс "превентивті археология"
коворкинг-орталығының
қызметі шеңберінде орындалды

Қола-адамзат өркениеті үшін тарихи және мәдени маңызы зор металл қорытпасы. Ол негізінен мыс пен қалайының (кейде мырыш, қорғасын және басқа да металдардың) қоспасынан алынады. Қола алғаш рет б.з.б IV мыңжылдықта Таяу Шығыста өндіріле бастады.

Қола дәуірі-адамзат тарихындағы тас дәуірінен кейінгі ерекше кезең, ол металлургияның алғашқы қадамдарының қалыптасуы мен қоғамның дамуында айтарлықтай маңызды рөл атқарды. Қола дәуірі б.з.д 2-мыңжылдықтың аяғы мен б.з.б 1-мыңжылдықтың басын қамтиды. Бұл кезеңде адамдар алғаш рет мыс пен қалайыны қосып, қола қорытпасын жасап, еңбек құралдары мен қару-жарақтарды жетілдірді. Қоладан жасалған еңбек құралдары тастан, сүйектен жасалған бұйымдарға қарағанда әлдеқайда сапалы, берік болды. Осының нәтижесінде тек металл өндірісі ғана емес, сонымен бірге қоғамның әлеуметтік құрылымының өзгеруі, шаруашылықтың дамуы және мәдениеттегі жаңа бағыттардың қалыптасуы орын алды. Қазақстан территориясы, әсіресе, Орталық Қазақстан, қола дәуірінің маңызды орталықтарының бірі болып саналды.

Қазақ жеріндегі ескерткіштер туралы жиналған деректерді, оның ішінде қола дәуірінің ескерткіштерін алғаш рет В.В.Радлов жүйелеп берді. Ғалымның бірнеше томдық еңбектерінде Қазақстан археологиясының ерте кезеңдері бір ізге түсірілді.

Негізінен алғанда қазақ жеріндегі қола дәуірі ескерткіштеріне деген қызығушылықты туғызған Ресей патшасы I Петр указдары десе болады. 1716, 1718 жылдардағы указдарында ол көне заман жәдігерлерін жинастыруға бұйрық берді. Сөйтіп, осы уақыттан бастап Қазақстан мен Сібірдің мәдени ескерткіштерінің талан-таражға түсуі басталды.

Сарыарқа ежелден Ұлы дала белдеуіндегі маңызды саяси-экономикалық орталықтардың бірі. Еуразия континентінің орта тұсын алып жатқан бұл өлке қазіргі физико-географиялық жағынан алғанда-Қазақстанның орталық облысы. Оның батыс бөлігі Торғай үстіртімен, шығысы Сауыр-Тарбағатай тау жүйесімен, солтүстігі-Солтүстік қазақ жазығымен, оңтүстік-батысы Тұран ойпатымен шектеседі. Батыстан шығысқа дейінгі ұзындығы: 1200 км, ені шығыс бөлігінде: 400 км, батыс бөлігінде: 900 км шамасында.

Орталық Қазақстан қола дәуірінің кезеңдеуін төртке бөліп қарастыруға болады:

1. Сипаттау және қола дәуірі туралы материалдарды жинақтау кезеңі;
2. Қазақстан аймағында 1946 жж. басталған барлау және тұрақты қазба жұмыстары кезеңі;
3. 1970-1980 жж. аралығындағы ірі археологиялық қазба жұмыстары кезеңі;
4. 1990 жж. бастап, қазіргі кезге дейінгі қазба жұмыстары.

Бұл аймақ ерте заманнан бері көптеген зерттеушілер мен саяхатшыларды қызықтырған өлке болып есептеледі. Өлкенің әртүрлі ескерткіштерге бай екендігі турасында X-XVI ғғ. араб, ирандық және Орта Азиялық Ибн-Фадлан, Әл-Бируни, Әл-Бидырыс, Мұхаммед-Хайдар сынды ғұламалар мен жазушылар өз еңбектерінде толыққанды айтып өткені туралы Ә.Х.Марғұлан еңбегінде баяндалған.

Еліміздің орталық өңірлеріндегі тарихи ескерткіштер мен жәдігерлер жайлы алғашқы деректер ортағасырда өмір сүрген зерттеуші-ғалымдардың, саудагерлер мен саяхатшылардың жазбаларында кездеседі. Олар өздері барған, не жүріп өткен өңірлердегі өздерін таңдандырған, өздеріне тансық болған мәдени жәдігерлерді, нысандарды сипаттап, ерекшеліктерін жазып алып отырған. Қазақ даласын патшалық Ресейдің құрамына қосқаннан кейін және аймақтың индустриясының дамуын зерттеуге, өркениеті мен мәдениетіне, тарихына қызығушылық танытқан ресейлік ғалымдар алғашқы археологиялық қазба жұмыстарын жасады. Бірақ, бұл өңірдегі XIX-XX ғ. бірінші жартысы аралығындағы археологиялық жұмыстар тіркеу-сипаттау түрінде ғана болды.

Қола дәуіріне тән обаларды немесе тас қоршауларды белгілі зерттеуші Н.И.Потанин 1829 жылы Семейден созаққа дейін жүріп өткен жолында Орталық Қазақстан өңірінен кездестіреді. Әлбетте, Н.И.Потанин бұл ескерткіштердің қола дәуіріне жататындығын ол кезде білген жоқ еді. Бұл құрылысты кейіннен «Древности Киргизской степи и Оренбургского края» атты еңбегінде И.А.Кастанье былай деп сипаттайды: «В Токраунской